

**"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолдануға енгізу туралы
" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 17 қараша N 1726. Ескерту.
Жоба қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2001.07.03. N 910 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолдануға енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
"Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының
заңын күшіне енгізу туралы"

1. "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының заңы 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілсін.

2. "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгізілгеннен кейін туындайтын құқық қатынастарына қолданылады.

2001 жылдың 1 қаңтарына дейін туындаған құқықтық қатынастар бойынша " Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгізілгеннен кейін туындайтын құқықтар мен міндеттерге қолданылады.

3. Ұлттық темір жол компаниясы құрылғанға дейін "Қазақстан темір жолы" РМК-ның "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9, 10, 11, 14, 17, 18, 34, 37, 38, 61, 62, 63, 71, 74 баптарымен көзделген құқықтары мен міндеттері бар.

4. "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының магистральдық теміржол желісін пайдалану құқығын беру, магистральдық теміржол желісін пайдаланғаны үшін ақы төлеу мәселелері жөніндегі ережелер күшіне оларды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалуына қарай, 2002 жылғы 1 қаңтардан

к е ш і к т і р і л м е й

е н г і з і л е д і .

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы заңын жүзеге асыруға қажетті нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдасын және қолданылып жүрген заңнаманы оған сәйкестендірсін.

6. Заңнаманы "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына

сәйкес келтіргенге дейін "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы заңына қайшы келмейтін теміржол көлігі саласында қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдер қолданылады.

7. Осы заң 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.